

Қазақстан Республикасының Жер қойнауын пайдалану мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1444 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 1396 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.22 № 1396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.1.2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Жер қойнауын пайдалану мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарды жасау және орындау жөніндегі құзыретті орган ретінде 2003-2004 жылдары Қазақстан Республикасының Жер қойнауын пайдалану мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін құруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1444 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Жер қойнауын пайдалану мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру тәртібі

1. Жалпы ережелер мен ұғымдар

1. Осы тәртіп Қазақстан Республикасының Жер қойнауын пайдалану мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру рәсімін анықтайды.

2. Қазақстан Республикасының Жер қойнауын пайдалану мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі (бұдан әрі - ЖҚП МБМЖ) лицензиялық және/немесе келісім-шарттық ережелердің орындалуын бақылау үшін құрылады. ЖҚП МБМЖ-де қолданылатын ережелер мен ұғымдар Қазақстан Республикасы Президентінің " Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы " 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 заң күші бар Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің " Мұнай туралы " 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2350 заң күші бар Жарлығына және Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы " 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығына сәйкес келеді. Z100291 қараңыз

2. ЖҚП МБМЖ құру тәртібі

3. ЖҚП МБМЖ алып қарағанда бірыңғай тұтас (жүйе) ретінде қарастырылатын және жалпы басты мақсатқа қол жеткізуге арналған белгілі бір құрылымға өзара байланысқан элементтердің жиынтығын білдіреді. Жүйенің элементі - бұл жүйенің бұдан әрі бөлшектеуге жатпайтын бір бөлігі. Кіші жүйе - жүйенің жалпы мақсатына бағынған жұмыс істеудің белгілі бір мақсатын иемденген, өзара байланысты элементтердің оқшауланған құрылымын білдіретін бөлігі. Жүйенің құрылымы - олардың элементтерінің (кіші жүйелерінің) өзара байланысы мен таралу тәсілі.

4. ЖҚП МБМЖ-ні құру жүйе синтезінен тұрады, бұдан жүйе құрылымын оның жұмыс істеуінің берілген мақсаты бойынша құру түсініледі. ЖҚП МБМЖ өзінің құрылымы бойынша, әрқайсысы белгілі бір деңгейде мониторингтің белгілі бір міндетін шешетін, дербес өзара байланысты кіші жүйелердің жиынтығын білдіреді. ЖҚП МБМЖ құру өзара байланысты мынадай үш міндетті шешуден тұрады :

жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай ақпараттық базасын құру;
жер қойнауын пайдалану мониторингінің нормативтік-әдістемелік базасын жетілдіру ;

жер қойнауын пайдалану саласында лицензиялық және келісім-шарттық ережелерді орындау мониторингінің ақпараттық-коммуникациялық жүйесін (бұдан әрі - ЛКЕОМ АКЖ) құру.

5. Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай ақпараттық базасын Құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушылардың лицензия және/немесе келісім-шарт шеңберіндегі қызметі туралы ақпараттың негізінде қалыптастырады және өзіне мынадай кіші жүйелерді қамтиды :

"Жер қойнауын пайдалану объектісі" кіші жүйесі олардың шектерінде жер

қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге рұқсат етілген келісім-шарттық аумақтар туралы қажетті мәліметтерден тұрады;

"Жер қойнауын пайдалану субъектісі" кіші жүйесі жер қойнауын пайдаланушылар туралы қажетті мәліметтерді қамтиды;

"Жер қойнауын пайдалану құқығы" кіші жүйесінде жер қойнауын пайдалануға арналып берілген лицензиялар мен жасатылған келісім-шарттар туралы қажетті мәліметтер болады және ол өз кезегінде "Лицензия" және "Келісім-шарт" кіші жүйелерінен тұрады;

"Жұмыс бағдарламасы" кіші жүйесі лицензиялардың ең аз жұмыс бағдарламалары және келісім-шарттардың жұмыс бағдарламалары (ТЭН - техникалық-экономикалық негіздеме) туралы қажетті деректерді, сондай-ақ оларға енгізілген барлық толықтырулар мен өзгерістерді қамтиды;

"Барлау жобасы" кіші жүйесі жер қойнауы телімдерін (блоктарды) зерделеу және кен орындарын барлау жөніндегі геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге арналған жобалар туралы қажетті деректерді, сондай-ақ оларға енгізілген барлық толықтырулар мен өзгерістерді қамтиды;

"Өңдеу жобасы" кіші жүйесі өзіне кен орындарын тәжірибелік-өнеркәсіптік және өнеркәсіптік өңдеу жобалары туралы, сондай-ақ оларға енгізілген барлық толықтырулар мен өзгерістер туралы қажетті ақпаратты қамтиды;

"Жылдық жұмыс бағдарламасы" кіші жүйесі жер қойнауын пайдаланушылардың жылдық жұмыс бағдарламалары жөніндегі қажетті мәліметтен тұрады;

"ЛКЕ есебі" кіші жүйесі жер қойнауын пайдаланушылардың ЛКЕ N 1, 2, 3 нысандары бойынша мемлекеттік статистикалық есептілігінің деректерін пайдаланады;

"Қаржы" кіші жүйесі жер қойнауын пайдаланушы қызметінің қаржылық көрсеткіштері туралы қажетті мәліметтерден тұрады;

"Салық салу" кіші жүйесі қолданыстағы заңнамаға сәйкес лицензиялардың және/немесе келісім-шарттардың ережелері бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың салықтар мен бюджетке төлемдерді төлегендері туралы мәліметтерді қамтиды;

"Экономика" кіші жүйесі қызметтің экономикалық көрсеткіштері туралы қажетті мәліметтерден тұрады;

"Экология" кіші жүйесі пайдаланушылардың жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды орындағаны туралы қажетті мәліметтерді қамтиды;

"Сақтандыру" кіші жүйесі жер қойнауын пайдаланушылардың сақтандыру жөніндегі міндеттемелерін орындағаны туралы қажетті мәліметтерден тұрады;

"Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өнеркәсіптік санитария" кіші

жүйесі жер қойнауын пайдаланушылардың еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы , санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік және өнеркәсіптік санитария жөніндегі шараларды орындағаны туралы қажетті мәліметтерді қамтиды;

"Әлеуметтік сала" кіші жүйесі жер қойнауын пайдаланушылардың әлеуметтік мәселелер жөніндегі міндеттемелерді орындағаны туралы қажетті мәліметтерден тұрады ;

"Білім беру" кіші жүйесі жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық мамандарды оқыту жөніндегі міндеттемелерді орындағаны туралы қажетті мәліметтерді қамтиды ;

"Қосалқы мердігерлік" кіші жүйесі жер қойнауын пайдаланушылардың қызметтерді, тауарларды және жабдықтарды жеткізуші мердігерлерді тарту жөніндегі міндеттемелерін орындағаны туралы қажетті мәліметтерден тұрады;

"Нормативтік-құқықтық база" кіші жүйесі Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы нормативтік-құқықтық кесімдері туралы қажетті мәліметтерді қамтиды ;

"Жер қойнауын пайдалану жөніндегі құжат айналымы" кіші жүйесі өз құзыретінің шектерінде жер қойнауын пайдаланушылардың қызметін бақылайтын Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарынан келетін ақпараттар мен құжаттардан тұрады;

"Әртүрлі" кіші жүйесі Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдаланудың жай-күйіне ықпал ететін әртүрлі факторлар (әлеуметтік, экономикалық, халықаралық, құқықтық, ғылыми-техникалық және басқалары) туралы ақпараттан тұрады ;

ЖҚП МБМЖ-ны әзірлеу және дамыту барысына қарай онда жаңа кіші жүйелер қалыптасуы мүмкін.

6. Өз құзыретінің шектерінде жер қойнауын пайдаланушылардың қызметін бақылайтын орталық және жергілікті атқарушы органдар Құзыретті органға тиісті ақпарат ұсынуға міндетті.

7. Құзыретті органға ақпарат (мәліметтер) беру Құзыретті орган орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп шығаратын ақпарат алмасу туралы бұйрықтардың негізінде жүзеге асырылады. Ақпарат беру форматтары, мерзімдері, мазмұны және мерзімділігі бұйрықтарда анықталады.

8. Жер қойнауын пайдалану мониторингінің нормативтік-әдістемелік базасы ЖҚП МБМЖ-ның қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін біріктірілген жүйе ретінде жұмыс істеуін сипаттайды. ЖҚП МБМЖ мақсатын іске асыру, әрқайсысы белгілі бір кезеңде шешілетін жер қойнауын пайдалану мониторингінің түрлі деңгейдегі бірқатар өзара байланысты міндеттерін шешуді көздейді. ЖҚП МБМЖ-да жер қойнауын пайдалану мониторингінің бес деңгейі белгіленген. Міндеттердің әр деңгейі ЖҚП МБМЖ-ның кіші жүйесі ретінде

қ а р а с т ы р ы л а д ы .

"Лицензиялық - келісім-шарттық ережелер" (бұдан әрі - "ЛКЕ") кіші жүйесі жер қойнауын пайдалану мониторингі 1-деңгейінің міндетін шешеді. Кіші жүйенің элементтері "ЛКЕ есеп беруі" ақпараттық кіші жүйесінің деректері болып табылады. "ЛКЕ" кіші жүйесі пайдаланушылардың сұрау салуы бойынша оның элементтеріне сұрыптауды жүргізуге арналған. Кіші жүйе 2001 жылы құрылды.

"Талдау" кіші жүйесі жер қойнауын пайдалану мониторингі 2-деңгейінің міндетін шешеді. Кіші жүйенің элементтері жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай ақпараттық базасының "Жер қойнауын пайдалану объектісі", "Жер қойнауын пайдалану субъектісі", "Жер қойнауын пайдалану құқығы", "ЛКЕ есеп беруі", "Жер қойнауын пайдалану жөніндегі құжат айналымы" кіші жүйелерінің деректері болып табылады. "Талдау" кіші жүйесі жеке лицензиялық-келісім-шарттық ережелер үшін оның элементтерінің арасындағы өзара байланысы міндетін шешеді. Кіші жүйе 2002 жылы құрылды.

"Бағалау" кіші жүйесі жеке лицензиялық-келісім-шарттық ережелердің орындалу дәрежесін бағалау жөніндегі өлшемдерді әзірлеуден тұратын жер қойнауын пайдалану мониторингі 2-деңгейінің міндетін шешеді. "Бағалау" кіші жүйесінің элементтері жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай ақпараттық базасының барлық кіші жүйелері болып табылады. "Бағалау" кіші жүйесін құру мерзімі - 2003 жыл.

"Лицензия/Келісім-шарт" кіші жүйесі жол берілген лицензиялық - келісім-шарттық ережелердің бұзушылықтары салдарын кешенді бағалаудан; тұтастай алғанда жер қойнауын пайдаланушының лицензиялар және/немесе келісім-шарт шеңберіндегі жұмысының тиімділігін бағалаудан; лицензия/келісім-шарт тараптарының теңгерімін сақтаудан тұратын жер қойнауын пайдаланудың мониторингі 4-деңгейінің міндеттерін шешеді. "Лицензия/Келісім-шарт" кіші жүйесін құру мерзімі - 2004 жыл.

"Жер қойнауын пайдалану мониторингі" кіші жүйесі онда болып жатқан өзгерістерді анықтау және оның бұдан әрі дамуын болжау үшін жер қойнауын пайдалану саласының жай-күйіне талдау жүргізуден тұратын 5-деңгейдің міндетін шешеді. Жер қойнауын пайдалану жай-күйінің деректерін талдау негізінде мемлекет мүддесін және оның табиғи ресурстарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жағымсыз процестердің алдын алу және оларды жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу мүмкіншілігі бар. "Жер қойнауын пайдалану мониторингі" кіші жүйесін құру мерзімі - 2004 жыл.

9. Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай ақпараттық базасы мен жер қойнауын пайдалану мониторингінің нормативтік-әдістемелік базасы ЛКЕОМ АКЖ-ны құру жолымен іске асырылады.

10. ЛКЕОМ АКЖ көп деңгейлі иерархиялық ақпараттық жүйе болып табылады. ЛКЕОМ АКЖ құрамына фактографикалық, құжаттық, ақпараттық-іздеу жүйелері және деректерді өңдеу жүйесі кіреді.

11. Құрылымы жағынан ЛКЕОМ АКЖ SQL ақпараттық технологиясы негізінде ақпараттық ресурстардың ауыстырмалылығын, өзара байланысын және ауқымдылығын қамтамасыз ететін "клиент-сервер" жүйесін білдіреді.

12. ЛКЕОМ АКЖ деректер банкі жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай ақпараттық базасының гомоморфтiк моделі болып табылады. ЛКЕОМ АКЖ деректер банкінде жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай ақпараттық базасының кіші жүйелері фактографикалық және құжаттық жүйелердің тиісті дерекқорлары ретінде берілген.

13. ЖҚП МБМЖ әртүрлі деңгейдегі кіші жүйелері ЛКЕОМ АКЖ-да тиісті ақпараттық-іздістіру жүйелері және деректерді өңдеу жүйелері ретінде берілген. ЛКЕОМ АКЖ-ды құру ЖҚП МБМЖ-нің кіші жүйелерін құру кезеңдеріне сәйкес кезең-кезеңімен жүргізіледі. Әр кезеңде тиісті деңгейдегі ақпараттық-коммуникациялық жүйе (бұдан әрі- АКЖ) құрылады: 2001 жылы - "ЛКЕ" АКЖ-сі (1-деңгей) құрылды, 2002 жылы - "Талдау" АКЖ-сын (2-деңгей) құру жөніндегі жұмыстар жүргізілді, 2003 жылы - "Бағалау" АКЖ-сын (3-деңгей) , 2004 жылы - "Лицензия/Келісім-шарт" АКЖ-сын (4-деңгей) және "Жер қойнауын пайдалану мониторингі" АКЖ-сын (5-деңгей) құру.

14. Құзыретті органның оқшау желісінде ЛКЕОМ АКЖ-ның сенімділігі мен қауіпсіздігі қолданыстағы операциялық жүйелердің және коммуникациялардың стандарттық құралдары арқылы іске асырылады.

15. ЛКЕОМ АКЖ құру 601 "Жер қойнауын пайдалану саласында лицензиялық және келісім-шарттық ережелердің орындалуы мониторингінің ақпараттық-коммуникациялық жүйесін құру" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде жүргізіледі.